

## Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 1373 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 514 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 40-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкалары бекітілсін.

1-1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкаларын қолдану жөніндегі нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

**Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 26.06.2019 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 23 қарашадағы  
№ 1373 қаулысымен  
бекітілген

## Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкалары

**Ескерту. Ең төменгі ставкаларға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2019 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

p/c №	Пайдаланудың түрі, орны , талаптары, пайдаланушылар	Сыйақының ең төменгі ставкалары	
		ақылы кіру кезінде	тегін кіру кезінде
1	2	3	4
1. Көпшілік алдында орындау, көрсету, жалпы жүрттың назарына хабарлау және жеткізу жолымен орындаулар мен фонограммаларды пайдалану			
1.	Дәмханалар, барлар (айна әрбір отыратын орынга)	0,2 АЕК	0,1 АЕК
2.	Мейрамханалар (айна әрбір отыратын орынга)	0,25 АЕК	0,15 АЕК
3.	Басқа да қоғамдық тамақтандыру объектілері (айна әрбір отыратын орынга)	0,008 АЕК	0,004 АЕК
4.	Тұнгі клубтар (айна әрбір отыратын орынга)	билеттерді сатудан түсken кірістен 1%	0,2 АЕК
5.	Казино және басқа да ойын мекемелері (айна әрбір отыратын орынга)	0,4 АЕК	
6.	Мәдени ойын-сауық орталықтары, кешендер (айна дыбыстандышылатын алаңың әрбір шаршы метрі үшін)	0,05 АЕК	
7.	Спорттық-сауыктыру орталықтары, кешендері (айна дыбыстандышылатын алаңың әрбір шаршы метрі үшін)	0,01 АЕК	0,001 АЕК
8.	Жәрменкелер, көрмелер, сән көрсетулер, сұлулық және кәсіби шеберлік сайыстары (айна дыбыстандышылатын алаңың әрбір шаршы метрі үшін)	0,02 АЕК	0,002 АЕК
9.	Конакүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері және пансионаттар (айна көпшілік алдында орындау, көрсету, хабарлау және жалпы жүрттың назарына жеткізу үшін қолданылатын техникалық күралдың бірлігі үшін)	0,2 АЕК	

10.	Жолаушылар көлігі құралдары (әрбір билетті сату нәтижесінде түскен кірістен)	0,001%	
11.	Спорттық жарыстар, спортшылардың көрсетілімдік орындаулары (әрбір өткізілген іс-шарадан түскен кірістен)	0,05 %	0,001 %
12.	Конькимен, роликпен жаппай сырғанау орындары (айна осы мақсатта пайдаланатын орындардың (аумақтың) әрбір шаршы метрі үшін)	0,05 АЕК	0,01 АЕК
13.	Театрлар, кинозалдар және фильмдерді демонстрациялауға арналған өзге де орындар (а ы на дыбыстындырылатын үй-жайдың әрбір шаршы метрі үшін)	0,01 АЕК	0,001 АЕК
14.	Мәдени-демалыс үйымдары (мәдениет және демалыс парктері, мәдениет үйлері мен сарайлары, аквапарктар) (а ы на дыбыстындырылатын аумақтың (үй-жайдың) әрбір шаршы метрі үшін)	0,01 АЕК	0,001 АЕК
15.	Сауда үйлері, дүкендер, сауда базарлары және сауда мақсатына арналған өзге де орындар (а ы на дыбыстындырылатын аумақтың әрбір шаршы метрі үшін)	0,002 АЕК	
16.	Театрландырылған, концерттік, цирктік бағдарламалар (іс-шара өткізу нәтижесінде түскен кірістен)	0,02 %	0,01 %
17.	Бұқаралық іс-шаралар, қала құндері, мейрамдар, фестивальдар (іс-шара өткізу нәтижесінде түскен кірістен)	0,02 %	0,01 %

18.	Музыкалық автоматтар жүйелері және караоке арқылы (айна әрбір музыкалық автомат және караоке үшін)	0,2 АЕК	0,1 АЕК
19.	Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген эфирлік телевизиялық хабар тарату ұйымдары (жарнамадан түскен кірістен)	0,1%	
20.	Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген эфирлік радио хабар тарату ұйымдары (жарнамадан түскен кірістен)	0,1%	
21.	Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген кәбілдік (өткізгішті), жерсеріктік телевизиялық хабар тарату ұйымдары (айна кәбілдік, жерсеріктік теледидар қызметі үшін түскен абоненттік төлемнен)	0,1%	
22.	Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген кәбілдік (өткізгішті), жерсеріктік радио хабар тарату ұйымдары (айна кәбілдік, жерсеріктік радио хабар тарату қызметі үшін түскен абоненттік төлемнен)	0,1%	

2. Табыс алу мақсатында қайта шығару (көбейту) және (немесе) тарату арқылы орындаулар мен фонограммаларды пайдалану

23.	Орындауларды дыбыс және дыбыстау-бейнелеу жазбаларында қайта шығару (көбейту) және (немесе) тарату (орындаулардың санына қарамастан, әрбір	0,3%	
-----	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------	--

	шығарылған данасын өткізу бағасынан)	
24.	Орындаулар мен фонограммаларды телефондар (ұялы, смартфондар, дербес қалта компьютерлері), музикалық аппараттар, автоматтар және караоке жүйелері үшін музыка, әуен (рингтондар, реалтондар) және қонырау (рингбэктоңдар) ретінде қайта шығару және (немесе) тарату (аудиона әрбір пайдаланылатын туындының әрбір пайдаланғаны үшін)	0,03 АЕК
25.	Орындаулардың дыбыс жазбалары және (немесе) дыбыстай-бейнелеу түріндегі даналарын прокатқа, жалға беру (аудиона әрбір пайдаланылатын дана үшін)	0,01 АЕК
3.	Фонограммаларды орындаушының және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару	
26.	Қайта шығару үшін пайдаланылатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштерді дайындастын адамдар төлеуге тиіс фонограммаларды орындаушының және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару (жабдықтар мен материалдық жеткізгіштер бірліктерін өткізу бағасынан пайызбен алғандағы сыйакы ставкалары)	0,35
	Қайта шығару үшін пайдаланатын жабдықтармен материалдық жеткізгіштерді	

27.	иморттайтын адамдар төлеуге тиіс фонограммаларды орындаушының және фонограмма шығарушиның келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару ( жабдықтар мен материалдық жеткізгіштер бірліктерінің кедендік құнынан пайызбен алғандағы сыйақы ставкалары)	0,35
-----	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------

**Аббревиатурың толық жазылуы:**

АЕК - айлық есептік көрсеткіш

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК